



М.ӘУЕЗОВ-125



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ ШЫМЫЛДЫҒЫН АШТЫ

6

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ



ІЗГІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ ИГІ ҚҰЖАТ

8

ТАНЫМ



ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСҚАН!

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.11.2022

Түнде:



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

6.11.2022

Түнде:



6+8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №130 (6265) 5 қараша, сенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

АУҚЫМДЫ ІСТЕР ӘЛІ АЛДА

Шаһар басшысы Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.


Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Алмалы ауданында өтті. Шаһар басшысы алдымен ауданның дамуына байланысты атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Одан кейін аудан тұрғындарын толғандырған сауалдарға жауап берді. Кездесуге 300-ге жуық адам қатысты.

3

ЖОБА

ЖАҢА ЖОЛ – ЖАҢА БАҒЫТ

Алматыдан Ыстықкөлге дейінгі жаңа жолға
электробустар жолға шығуы мүмкін



Бұл туралы Көлік және инфрақұрылымды дамыту бойынша қырғыз-қазақ жұмыс тобының екінші отырысында айтылды. Онда Алматы – Ыстықкөл баламалы жолын салу жобасының қазіргі жағдайы қаралған болатын.

Азия даму банкі Алматы – Ыстықкөл бағыты бойынша электрлі автобустар арқылы тұрақты жолаушылар тасымалдауды іске қосуды ұсынып отыр.

Ыстықкөлге баратын жолдың жеңілдетілуі ол жақтағы туристер ағынын айтарлықтай арттырады. Алматылықтар үшін Ыстықкөлге саяхат демалыс күндеріндегі маршрутқа айналуы мүмкін.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Президент шетелдік дипломаттармен дәстүрлі кездесу өткізеді.
- Түркия мен Нидерланды елдері Қазақстанда медициналық өнім шығарады.
- «Азия дауысы» мен «Жас қанат» байқауларын жаңғырту жоспарлануда.
- Елімізде мобильді интернет жылдамдығы бір жылда 14,5%-ға артты.
- Қазақстан-Иран экономикалық байланыстары жаңа деңгейге жетті.
- «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Х съезі басталды.
- «Анна Каренина» романы қазақ тілінде жарық көрді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





ЖАҢА БАҒЫТ

ТУРИСТІК ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Алматы мен Анкара арасында әуе рейстері ашылды

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитеті рейстер санын одан әрі ұлғайту және Қазақстанға/одан ұшу географиясын кеңейту мақсатында Алматы және Анкара қалалары арасында аптасына екі рет тікелей әуе рейсін іске қосты.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұған дейін Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Қазақстан мен Түркия арасындағы әуе қатынасы мәселелері аясында Түркияның авиациялық билік орындарымен келіс-сөздер жүргізілген болатын. Нәтижесінде тараптар маршруттарды, рейстер санын екі есеге және тасымалдаушыларды көбейту жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді.

Осы жұмыстың нәтижесінде «Pegasus Airlines» түрік авиакомпаниясы ағымдағы жылдың 1 қарашасынан бастап Алматы – Анкара бағыты бойынша жаңа рейсті іске

қосты, қазақстандық жолаушылар Түркия астанасына тікелей рейстермен саяхаттауға мүмкіндік алды. Бұдан былай саяхатшылар Алматы және Анкара қалалары арасындағы тұрақты рейстер А320 және Б737 типті әуе кемелері арқылы сәрсенбі және сенбі күндері аптасына 2 рет қатынай алатын болады.

Рейстерді ұлғайту және ұшу географиясын кеңейту Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық, іскерлік, инвестициялық және туристік ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

ТУРИЗМ



АЛМАТЫДА АСПАЛЫ ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Досбол
АТАЖАН

«Алматы және шығыс өңірі шаңғы туризмін дамытуға өте қолайлы. Бізде құрғақ қар, ұзақ маусым, жылдың шуақты күндері көп. Сондықтан Алматы аймағы бұл бағытта міндетті түрде қадам жасауы керек. Бұл жерде әлеует бар екеніне сенімдімін. Біз мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеп, заңға енгізе алдық, ол – тау шаңғысы курорттын салу кезінде қымбат құрал-жабдықтардың құнының 25 пайызын жекеменшікке қайтару. Бұл – шығынның төрттен бірі. Негізі жақсы қадам. Түзету 2020 жылы күшіне енді, бірақ пандемияға байланысты курорттарға уақыт болмады. Қазір қайта жанданып жатыр. Жаңа бастамалар пайда болады деп ойлаймын», – деді Мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев Алматыда туризм қауымдастығының өкілдерімен кездесу барысында.

Оның айтуынша, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев шаңғы инфрақұрылымын дамытуға үлкен мән беріп отыр. «Талғар мен Бутаковка шатқалдарын

аспалы жолмен және шаңғы трассаларымен байланыстыратын жоба – шынайы жоба. Мамандар көрші шатқалдарды зерттеді. Онда бірнеше көтергіш салып, шаңғы трассасын 70 шақырымға ұзартуға болады. Шымбұлақтан Медеуге шатқал арқылы түсуге болады», – деді вице-министр.

Ержан Еркінбаев бұл маңызды және өте қажет жоба екенін атап өтті.

«Бірақ бұл жер ұлттық саябаққа тиесілі. Бұл жерге әкімдіктің демалыс орнын салуға мүмкіндігі бар, сондықтан мәселені жүйелі түрде шешу қажет. Бизнес өкілдері әлі қызығушылық танытып отырған жоқ. Кәсіпкерлер көтергіштерге техникалық қызмет көрсету қымбатқа түсетінін айтады. Бұл мәселе бүгінде талқыланып жатыр. Ұлттық саябақтың аумағында мүлде қол тигізбейтін жерлер бар. Қазір туризмді дамытуға қолайлы жерлерді әкімдікке беру мәселесі талқылану үстінде. Қазірдің өзінде Алматы өңірі тау шаңғысы алаңдарын кеңейтуді, курорттық аймақ салуды қарастырып жатыр. Министрлік бұл идеяны қолдап, мұндай жобаны қаржыландырудың жеңілдетілген құралдарын іздейді», – деп толықтырды ол.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ТЕКТІ ТҰЛҒА, СҰҢҒЫЛА САЯСАТКЕР

Нұртас Оңдасынов жайлы кітап оқырманға жол тартты

ҚР Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ұйымдастыруымен белгілі журналист Гүлсім Оразалықызының «Нұртас Оңдасынов» атты кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шараға ақын-жазушылар, әдебиеттанушылар, қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері, кітапхана оқырмандары қатысты.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Бүгінгі күнге дейін тұлғаларды жазуға себепкер болған мемлекет қайраткері, Қазақстан үкіметін 13 жыл басқарған Нұртас Оңдасынов еді. Сол кісі маған себепкер болды. Ол кісі зейнетке шыққаннан кейін 4 томдық кітап жазған. Онысы – арабша, парсыша, қазақша түсіндірме сөздік. Мәскеуде отырып жазған, тағы да көптеген естеліктер қалдырған. Солардың бәрін маған тапсырды. Бүгінгі біздің қоғамға Нұртас Оңдасынов секілді басшы керек, халықты жөнге бастайтын, мемлекетшіл адал басшы бізге қажет. Ол кісінің ерлік жолын оқып, жігерленген қазақ жастары болашақта сол кісінің жолын қуады деген сенемін», – деді

журналист, жазушы Гүлсім Оразалықызы.

Бұл кітап – халқымыздың ардақты ұлдарының бірі, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновқа арналған. Кітап екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімге ұлтжанды азаматтың өзі жазып кеткен өмірбаяндық деректері мен тіл туралы ғылыми-зерттеу мақалалары және ұлттық салт-дәстүр жайындағы толғаныстары енгізілген.

«Ол кісі мықты қызметте істеді. Алайда, ол кісінің байып, отбасының шалқып өмір сүрген кезі болмаған. Осы ретте мына бір оқиғаны айта кетсек. Елімізде лотереялар ойнатылатын еді, сонда ол кісі осы лотереядан машина ұтып алсам екен деп армандаған еді. Өзі мықты қызмет етсе де өзінде көлігі,



қаптаған үйлері болмаған. Халыққа қызмет етуді ғана басты мақсат еткен турашыл, елінің қамын ойлаған жан еді. Ол кісі өмір бойы Никита Хрущевпен текетіресіп өткен. Ол кісінің бетін қайтарып, қайсарлықпен қазақ даласын сақтап қалып, ешбір ұлтқа жерді, елді бермеген», – дейді журналист, жазушы Гүлсім Оразалықызы.

Екінші бөлімге Н.Оңдасыновтың көзін көрген,

кезінде қызметтес болған, өнегесін, тағылымын алған азаматтар мен өзінің жақын туыстарының естеліктері топтастырылған. Шығарма-

шылық кеш барысында алдыңғы буын ағалар жазушыға арналған ізгі тілектерімен ой бөлісті. «Гүлсімнің осынша уақыттан бері сондай еңбек сіңіріп жүргеніне, жақсы кітаптарды дүниеге әкеп жүргеніне, бүгінгі оқырмандардың көңілінен шығатын дүниелерді жазып жатқанына біз қатты бек ризамыз», – деді Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Мереке Құлқенов.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



АУҚЫМДЫ ІСТЕР ӘЛІ АЛДА

Шаһар басшысы Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесті

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Алмалы ауданында өтті. Шаһар басшысы алдымен ауданның дамуына байланысты атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Одан кейін аудан тұрғындарын толғандырған сауалдарға жауап берді. Кездесуге 300-ге жуық адам қатысты.

Инфрақұрылым – өркениет белгісі

Алмалы ауданында коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мәселесі әлі де өзекті. Сондықтан бұл мәселе назардан тыс қалмақ емес. Мәселен, биыл ауданда тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында 58,5 шақырым электр желілері ауыстырылып, 10 тарату және 50 трансформаторлық қосалқы станциялар жаңғыртылған. Алдағы 2023 жылы ауданның 97,5 шақырым желілері, 3 тарату және 145 трансформаторлық қосалқы станциялары қайта жаңартылады. Сондай-ақ, ауданда ұзындығы тиісінше 437 метр және 415 метр су құбыры және жылу желілері реконструкцияланады.

Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, аудандағы жолдардың пайдалану сипаттамаларын жақсарту үшін жалпы ұзындығы 13 шақырым 16 көшеге орташа жөндеу жүргізілді. 15 қарашаға дейін 2 көшеде тағы 1155 метр жол төсемі жөнделеді.

Жақында жеке гимназия ашылмақ

Оқушы орындарының тапшылығын төмендету үшін ағымдағы жылдың басында екі мектептің жанындағы 850 орынды 2 қосалқы нысан іске қосылды. Сонымен қатар, 10 қарашада 850 орынды жеке гимназия ашылады. 2023 жылы 3 мектепті күрделі жөндеу қарастырылған.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы орын тапшылығын қысқарту мақсатында жыл басынан бері Алмалы ауданында 225 орынды 5 жекеменшік балабақша ашылды. Жұмыс істеп тұрған №43 балабақша ғимаратының бір бөлігін сатып алу есебінен 75 қосымша орын қамтамасыз етілді. №7 мектепке дейінгі мекемені сейсмикалық күшейту аяқталды. 2023 жылы екі балабақшаны күрделі жөндеу жоспарланған.

Медициналық қызмет көрсетудің, әсіресе аға буын өкілдерінің осы қызметке қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ҰОС қатысушылардың қалалық емханасының ғимаратын күрделі жөндеуге және 500 келушіге арналған жаңа емхана салуға дайындық жүргізілуде. Екі денсаулық сақтау мекемесінде де жұмыс 2023 жылға жоспарланған.

2500 ағаш отырғызылады

Қаланың тарихи орталығы ретінде аудан тұрғындары үшін өзекті мәселе шағынқабатты үйлер мен жасыл қорды сақтау болып табылады. Биылғы жылы 40 шағынқабатты үйлердің қасбеттері жөнделді, 15 қарашаға дейін қалған 4 қасбеті жөнделеді.

Ауданның жасыл қоры шамамен 223 мың ағашты құрайды. Бүгінде оның 25%-ы апатты жағдайда тұр. Дейтұрғанмен, ауданда бұл бағытта атқарылған жұмыс көп. Мәселен, Жасыл қорды жақсарту және жаңарту бағдарламасы аясында 5400 ағашқа санитарлық кесу жүргізіліп, жалпы пайдалану орындарындағы апатты ағаштардың 660 діңі кесілді. Жыл соңына дейін тағы 490 апатты жағдайдағы ағаш жойылады. Ал қараша айының соңына дейін кесілген ағаштардың орнына 2500 жас ағаш отырғызылады.

Ауданда қатты жауын-шашын кезінде су басу мәселесі өзекті болып қалуда. ТЖ желісі бойынша 12 учаскені жою жұмыстары жүргізілуде. 4 учаске бойынша жұмыстар аяқталды. Жыл соңына дейін Мақатаев көшесінің бойында жалпы ұзындығы 3,6 км коллектор қалпына келтіріледі, қосымша 2,3 км жаңа арық желілері және Райымбек даңғылы бойына 1,6 км канал салынады. Қараша айында 52 учаскеде 34 км арық желісін қайта құру және салу басталады. Жұмыстарды 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Қоғамдық қауіпсіздік

Қала әкімі Ерболат Досаев ауданның қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы да хабардар етті. Мәселен, жыл

соңына дейін адам көп жиналатын орындарға 541 бейнекамера орнатылады.

«Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін осы жылдың соңына дейін адам көп жиналатын орындарға (118 камера), аулаларға (200 камера) және көше қиылыстарына (223 камера) 541 бейнекамера орнатылады», – деді қала әкімі. Оның айтуынша, қолданыстағы 947 камераға есептелген 177 «Сергек» автоматтандырылған-бағдарламалық кешеніне қосымша (44 – желілік учаскелерде, 133 – көше қиылыстарында) 400 камераға есептелген 38 «Сергек» автоматтандырылған-бағдарламалық кешені (22 – желілік учаскелерде, 16 – көше қиылыстарында) орнатылады.

«Жалпы, барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Алмалы ауданындағы камералардың жалпы санын 1469 бірлікке дейін көбейтеміз», – деді әкім баяндамасында.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша ауданда 800 млн теңгеге 39 жоба іске асырылып, ол 100%-ға орындалды. Нақтырақ айтқанда, 2 гүлзар, 8 қоғамдық орын және 21 аула абаттандырылды. 1 спорт және 1 балалар алаңы, 1 иттерді серуендетуге арналған алаң, 3 көмілген қоқыс алаңы салынып, 2 алаңның резеңке жабыны жаңартылды және 21 аула жөнделді.

Тиімді шешімдер айтылды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданының тұрғындарымен үшінші кездесуінде қала халқының өтініш-сұрақтарына да жауап берді.

Әсет есімді қала тұрғыны мектептерде балаларға тегін тамақ беру мәселесін тексеруді өтінді.

– 1–4-сынып оқушыларына тегін тамақ беруге мүмкіндік жасадыңыз, соған алғыс айтамыз. Менің сұрағым, асхана бойынша. Қазір кейбір мектептерде белгіленген нормамен тамақ берілмейді, әртүрлі былықтар болып жатыр. Осы мәселені арнайы өзіңіз қарасаңыз.

– Біз 2023 жылдан бастап сервис моделіне көшейін деп жатырмыз. Полиция департаментінің ұсыныстары бар. Бірінші сұраққа келсек, тегін тамақ беру менің бастамам болғандықтан, оған арнайы қарап жатырмыз. Жаңа жылдан кейін бәрі ретке келіп, оңайырақ болады деп ойлаймыз. Сондай-ақ, келесі жылға 20 млрд теңге бөлінеді, – деп толықтырды шаһар басшысы.

Алмалы ауданының келесі тұрғыны жөндеу жұмыстарына байланысты сұрақ қойды.

– Мен Досмұхамедов көшесі, №11 үйдің меншік иелері бірлестігінің төрағасымын. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша қазір жөндеу жүргізіліп жатыр. Жұмыс мамыр айында басталып, әлі біткен жоқ. Сол қашан бітеді, нақты уақытын білсек.

– Осы айдың 20-сы нақты аяқталады. Үйлеріңіздің ерекше жағдайын атап өтейін. Сіздердің үйлеріңізден 384 тонна қоқысты 20 көлікпен шығарды. Сонша жыл қалай жинағансыздар? – деп таңданды қала әкімі. Тұрғын бұл жағдай үшін кешірім өтініп, қоқысты шығаруға көмектескен әкімдік өкілдеріне алғыс білдірді.

Өз кезегінде сұрақ қойған зейнеткер қиын жағдайға тап болып отырғанын хабарлап, көмек сұрады.

– Құрметті Ерболат балам, мен 1936 жылы туғанмын және тыл еңбегінің ардагерімін. Бұрын үй сатып алғанмын. Бір аулада 3 адам тұрамыз. Сол көршілерімнің бірі маған қысым көрсетіп, үйімнен қуып шықпақшы. Мен далада қалатын болдым. Міне, 90-ға жетіп қалдым. Мен барлық жерде үкіметтің қорғауындамын. Енді біреу менің жерімді басып алып отыр.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қиын жағдайда қалған зейнеткерге көмектесуге уәде берді.

– Аудан әкіміне тапсырма беремін, бүгін жеке өзі барып көрсін. Одан кейін маған ұсыныс береді, мәселені шешудің жолын іздейміз. Уайымдамаңыз, сізді далада қалдырмаймын, – деді Е.Досаев.

ТҮЙІН:

Шаһар басшысы кездесу барысында тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың барлығына жауап беріп, қажет кезінде сала басшыларына тапсырма беріп отырды. Ал тұрғындар өздерін алаңдатқан жолдарды жөндеу, аулаларды абаттандыру мен кәріз, электр желілерін жаңғырту мәселелері бойынша сұрақтарын қойып, нақтылы жауап алды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында **39** жоба іске асырылды.



Ауданда **850** орынды жеке гимназия ашылады.



2023 жылы екі балабақшаны күрделі жөндеу жоспарланып отыр.



Жыл соңына дейін **541** бейнекамера орнатылады.



15 қарашаға дейін **2** көшеде тағы **1155** метр жол төсемі жөнделеді.



Биыл **40** шағын тұрғын үйдің қасбеттері жаңарды. 15 қарашаға дейін қалған **4** үйдің қасбеті жөнделеді.



Осы айда **52** учаскеде **34** шақырым арық желісін реконструкциялау жұмыстары басталады.

Әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Досбол АТАЖАН.



МАУСЫМДЫҚ МӘСЕЛЕ

ПЕШ ЖАҒАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Жеке сектордағы 1205 үй қатты отынмен жылытылады



Алматының шеткі аудандарындағы біраз үй әлі де пешпен жылытылады. Сондықтан қысқы кезеңде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету Алматының Төтенше жағдайлар департаменті мамандары үшін маңызды маусымдық мәселелердің бірі болып есептеледі. Осыған орай, төтеншеліктер қыста от жағатын үйлердің ошақтары мен мұржаларын тексеріп, ата-аналарға балаларға абай болу, өрт қауіпсіздігі ережелерін естен шығармау туралы кеңес беруді қайта қолға алды. Бұл өңірлерде үйлерін жалға алып отырған отбасылар да бар. Сондықтан тұрғындарға иіс тиіп улану оқиғаларының алдын алу шараларын түсіндіріп, оларға өрттен сақтануға шақыратын парақшалар таратты.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, бүгінде қала іргесінде 1000-нан астам от жағатын үй бар. 2022-2023 жылдардағы жылу беру кезеңіне дайындық аясында Алматының 151 934 жеке тұрғын үйі есепке алынған. Оның ішінде 1205 үй қатты отынмен жылытылатын үйлерге жатады.

Төтеншеліктер 15 тамыз бен 15 қыркүйек аралығында әкімдіктер мен әлеуметтік қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылар тұратын 792 үйге 100% тексеру жүргізілген. Нәтижесінде 89 үйде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны анықталып, оның ішіндегі 78 жағдай сол мезетте қалыпқа келтірілді. Мұржалары тазаланбаған, пештегі тесіктер жабылмаған, электр сымдары ауыстырылмаған, датчиктері орна-

тылмаған оншақты үй белгілі болды. Осыған байланысты Алматы қалалық ТЖД мамандарының айтуынша, «Көмек қол» акциясын ұйымдастырып, оның аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы өрт профилактикалық көмек көрсетілгенін, пештердің түтін мұржаларын тазалау, жарықтарды бітеу, түтін каналдары өтетін жерлердегі қабырғаларды ақтау жұмыстары жүргізілгенін жеткізді. Айтуларынша, қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында 2018 жылдан бастап улы газ датчиктерімен 1340 үй жабдықталған.

— Жыл сайын жылыту маусымы басталғанға дейін біз жеке сектор тұрғындары арасында кең ауқымды жұмыс жүргіземіз. Ақаулы электр жылыту аспаптары мен пешпен жылытуды пайдалануға байланысты түрлі жағдайларды мысал келтіре отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Жеке үйлердің барлығын аралап, халықтың әлеуметтік осал топтарына ерекше назар аударамыз», — дейді департамент қызметкерлері.

Мамандардың айтуынша, жылыту маусымында әр отбасымен қауіпсіздік туралы профилактикалық әңгімелер жүргізілген. Тексеру қорытындысы бойынша бірқатар үйде түрлі ақаулары бар пештер анықталған. Олар туралы мәліметтер атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін аудандық әкімдіктер мен Әлеуметтік әл-ауқат басқармасына берілді.

Десек те, Алматыда пешпен жылытылатын үйлердің саны өткен жылдарға қарағанда әлдеқайда азайған. Алып шаһар үшін бұл жаман жаңалық емес. Бүгінде қала тұрғындарының 99%-ы көгілдір отынмен қамтылған. Ал 2025 жылға дейін бұл жемені 100 пайызға жеткізу көзделіп отыр.

ТАНЫМ



ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗДІҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Әлемде ең танымал әрі жиі қолданылатын ақша бірліктері «доллар» мен «евро» болғанына қарамастан, әр мемлекеттің өз ақша бірліктері бар екендігі барлығына аян. Мәселен, қазіргі уақытта жер бетінде 250-ден астам мемлекет болса, солардың 160-қа жуығының ұлттық валюта бірліктері бекітілген.

Дегенмен, цифрлық экономиканың дамуы мен жаһандану заманында ұлттық валютаның өзін көру жиі кездеспейтін жайттардың біріне айналып бара жатыр. Себебі, электронды төлем құралдарының қолданылуымен, қағаз ақша айналымы да азайып бара жатқаны барлығына белгілі үдеріс. Тіпті, елімізде электронды ақша айналысы мен аударымдардың дамығаны соншалықты, төл теңгеміздің түрін білмейтіндерді де кездестіруге болады. Бұл, әрине, цифрандырудың жемісі мен электронды экономикалық қатынастардың даму көрсеткішінің бірі ретінде бағаланып отыр.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, тәуелсіз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналысқа енгеніне биыл 2022 жылдың 15 қарашасында 29 жыл толады, бұл әрине, қуанарлық жайт. Себебі, теңге салыстырмалы түрде әлемде қолданылатын жас валюталық бірліктердің бірі. 1993 жылы 12 қарашада «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің №1399 Жарлығына қол қойылды. Сол күннен бастап Қазақстан тарихындағы тұңғыш ұлттық валюта айналымға енгізілді.

Жарлыққа сәйкес, ұлттық валюта — «теңге» Қазақстан Республикасының аумағында 1993 жылғы 15 қарашада сағат 08.00-ден бастап айналысқа енгізілді. 1993 жылдың 18 қарашасындағы сағат 08.00-ден бастап теңге еліміздегі жалғыз заңды төлем құралы ретінде саналды. Осы сәттен бастап ұлттық валюта — еліміздің заңды түрде бекітілген ақша бірлігіне айналды. Республикамыздың тәуелсіздігі нығайып, дербес даму жолымыздың айқындалуында ұлттық валютаның енгізілуі үлкен рөл атқарғаны айқын. Осылайша төл теңгеміз еліміздің қаржылық тәуелсіздігінің ажырамас символына айналды. Төл валютаның айналымға енуімен республиканың нарықтық жолға көшуіне жол ашылды, онда ұлттық валюта еліміздің экономикалық егемендігін қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырылды.

Нарықтық талаптарға сай болу жолында 2015 жылдың тамызында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төл валютамызды «еркін айналымға жіберді», бұл валюта нарығындағы алғашқы сынақтардың бірі ретінде атап өтуге болатын жайт. Сол сәттен бастап ұлттық валютамыздың шетел валютасына қатысты күнделікті бағамы нарық талаптарына сай анықталып отырады. Қазіргі таңда барлық әлемдік валюта үшін күрделі кезең деп атауға болады, оның бірінші себебі деп күнделікті ақша бірліктерінің құлдырауы мен тұрақсыздығын атап өтуге болады.

Қалыптасқан жағдайға байланысты тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде өз үлесімізді қосу, әрине, әрбір ел азаматының міндеті. Осы себептен, біз, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жас маманы және студенті ретінде ел экономикасының дамуына өз үлесімізді қосып, төл теңгеміздің нарықта мықты әрі өзіндік орны бар ақша бірлігіне айналуына өз үлесімізді қосқымыз келеді. Себебі, ел экономикасы дамуының негізі — ол адами фактор. Тек білікті әрі бәсекеге қабілетті, білімді кадр ғана мемлекеттің дамуына қосқан үлесімен айқындалады.

А.Б.ОТАРБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Халықаралық құқық кафедрасының
аға оқытушысы,
М.Т.ДАНАЕВ,
Халықаралық құқық мамандығының
2-курс студенті.

ЖАДЫҢЫЗДА БОЛСЫН!

ПЕШ ЖАҚҚАНДА САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ҰСТАНУДЫ ҰМЫТПАУ КЕРЕК

Жылу пештерін, электр жылыту құрылғыларын қолданғанда абай болыңыз. Зақым келген розетканы, басқа да электр қондырғыларын пайдаланбаңыз. Ал пеш жаққанда мына қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз:

- Жылу маусымы басталмас бұрын пешті қарап, жөндейтін жері болса жөндеу керек;
- Мұржа секілді пештің бөлшектерін жылу маусымы басталарда және одан кейін айына кем дегенде бір рет тазартып тұрғаныңыз жөн;
- Есіңізде болсын, пеште бөгде заттар мен отынды кептіруге тыйым салынады, сонымен қатар отты тез жанатын сұйықтықпен тұтатуға болмайды;
- Әр есіктің алдына кемінде 50x70 см өлшемінде жалпақ металл төсеу керек;
- Шатырдағы барлық құбырлар мен қабырғалар сыланған және әктелген болуы тиіс;
- Отынды арнайы жабдықталған жерде немесе жанып кетуі мүмкін құрылыстан 8 метр қашықтағы арнайы бөлінген орында сақтаған абзал;
- Үйлер мен коттедж айналасында қоқысты бей-берекет ортеу де заңға қайшы екенін есте ұстағаныңыз жөн.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КЕСІЛГЕН АҒАШ ТА КӘДЕГЕ ЖАРАЙДЫ

Экология және қоршаған орта басқармасының сәуір айындағы берген ресми деректеріне сүйенсек, Алматыда түгендеу және орман патологиялық зерттеуден өткен 2 802 737 ағаштың 84 628-і апатты жағдайда тұр. Олардың басым бөлігі негізінен қаланың орталық бөлігінде және тыныш аудандарда орналасқан.

«Бүгінде осы апатты жағдайдағы ағаштарды кесу жұмыстары жалғасып келеді. Мамандар мүлде жарамсыз жағдайдағы ағаштар кесілген жерлерде жаңа көшеттерді өтемдік отырғызу жүргізіледі. Бұл өз кезегінде Алматы қаласының жасыл қорын жаңартуға қызмет етеді», — дейді басқарма өкілдері.

Қазіргі таңда Алматыда ағаштардың қураған бұталардан ажыра-

ту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Санитарлық тазалықтың маңызы сол, егер ауа райы аяқасты бұзылып, жел соқса, қураған ағаштардың электр сымдарына зақым келтіріп, апатты жағдай туғызуынан сақтайды. Ал сол апатты, жарамсыз бұталарды қайда апарарды, оны қандай да бір іске жаратуға бола ма?

Әлбетте, болады. Экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының айтуынша, апатты жағдайдағы кесілген ағаштар қалаға кейіннен қосылған елдімекендердегі қатты отынға мұқтаж отбасыларға таратылады. Осылайша үйі әлі көгілдір отынға қосылмаған бірнеше отбасы отынмен қамтамасыз етіледі. Демек, кесілген жарамсыз ағаш та кәдеге жарайды.

САЙЛАУ-2022

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР

«Ел ертеңі» қорының 170 мүшесі бақылаушы ретінде оқудан өтті



Алматыда күн сайын бақылаушы болуға кандидаттар үшін оқыту тренинг-семинарлары өткізіледі. Бүгін мегаполисте сайлауды тәуелсіз бақылау тақырыбы бойынша «Ел ертеңі» қоғамдық қорынан 170 адам оқудан өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Тренингтер барысында сайлау заңнамасының негіздері, азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл тәсілдері мен әдістері, сондай-ақ сайлау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік жүктелетіні пысықталды.

«Біз бүгін тренингтен өттік, оның барысында әрбір бақылаушы ұстануы тиіс негізгі міндеттер мен алгоритмдер туралы

терең біліп, хабардар болдық. Яғни тренинг барысында біз сайлау заңнамасының негіздерін, азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл әдістерін зерттедік, сондай-ақ сайлау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік жүктелетіні туралы білдік. Сонымен қатар, бізді SMM ережелерімен, сайлау учаскесінде өзімізді қалай ұстау керектігі жөніндегі белгілі ережелер және нормалармен таныстырды», – деді болашақ бақылаушы Әмина Әбілқайырқызы.

Оқудан өткен тағы бір қатысушы курстардың маңыздылығы мен алған білімдерінің болашақта пайдалылығын атап өтіп, эмоцияларымен бөлісті.

«Қызметкерлердің, бақылаушылар мен сайлаушылардың рөлдерінде өзімізді сынап көрдік. Бұл процесс барысында біз көп нәрсені білдік: сайлау процесіндегі негізгі заңнамалар, азаматтармен өзара іс-қимыл, сайлауға қатысатын әрбір адамның мінез-құлық ережелері және т.б. Менің ойымша, бүгін алған біліміміз бізге сайлаудағы жұмысымызда ғана емес, болашақта да көмектеседі. Бұл алған білімнің барлығы алдағы өмірде үлкен тәжірибе болады», – деп атап өтті «Ел ертеңі» мүшесі Аида Алпыс.

Қатысушылар жеке және күрделі мәселелерді талдап, сайлау учаскелерінде мониторинг жүргізу тәртібін пысықтады. Одан бөлек, сарапшылар жиі кездесетін бұзушылықтар туралы әңгімелеп, бақылаушылардың құқығы мен міндетін талқылады, бұзушылықтар анықталған кездегі бақылаушының әрекеттерін қарастырды.

ЖОЛДАУ-2022

Света ШАРДАРБЕКОВА,
тренер-медиатор:

Ерекше серпіліс тудырады



Ақтоқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясымен қоян-қолтық жұмыс жасап жүрген медиаторлар қауымдастығы үшін Жолдаудың маңызы зор.

Президентіміз өзінің Жолдауында көп жағдайда даулы мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін халықпен тиімді кері байланыс орнату, қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары болуы қажет екендігіне назар аударды.

Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясының басты бағыттарының бірі болып саналатын қоғамдық келісімді нығайту мәселесі де Жолдаудың назарынан тыс қалмады.

Осы орайда, бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесіне айналған ұлтаралық келісімді, алуан түрлілігімен ерекшеленетін ғасырлар бойы қалыптасқан бірлігімізді нығайту мәселесінің, ұлтаралық қатынас тіліне айналуға тиісті мемлекеттік тіліміздің рөлінің Жолдау негіздерінің бірі болуының мағынасы зор деп ойлаймын.

Сот шешімдерінің сапасын арттыру мәселесінде атқарылуға тиісті маңызды шараларға басымдық беріп, соттарда шешілетін дауларды шешудің балама тәсілдерін қолдануға мән беруі еліміздің медиаторлар қауымдастығының ортасында тың серпіліске, зор қолдауға ие болды деп ойлаймын. Қолданысқа енгеніне 10 жылдай уақыт болғандығына қарамастан, мемлекеттік органдардың өкілдері тарапынан тиісті көңіл бөлінбей келе жатқан осы түйінді мәселе енді шешімін табатынына күмән жоқ.

Құқық қорғау жүйесін толық реформа-лаумен қатар, қоғам игілігіне жұмыс жасап жүрген қайраткерлердің назарынан тыс қалмайтын отбасы және бала құқығын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселесі, жасөспірімдер арасында көбейіп кеткен суицид мәселесімен мақсатты түрде айналысу жайындағы басым бағыттар кез келген ата-ананың көңілінен шықты деп ойлаймын.

Жолдауда азаматтардың, әсіресе, жастардың, студенттер мен оқушылардың волонтерлік қызметке қатысу аясын кеңейту, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру жайындағы бөлігі де ел ішінде игі істер жасаумен қанағат тауып жүрген еріктілердің шабытын арттырады сөзсіз.

Сондай-ақ, Президентіміздің Үкіметке еліміздің зейнетақы жүйесін дамыту мәселесін қамти отырып, жұмыс істейтін азаматтар өздерінің зейнетақы жинағының бір бөлігін белгілі бір мақсатқа, соның ішінде баспана сатып алуға немесе білім алу үшін пайдалану мәселесін жыл соңына дейін пысықтау туралы тапсырма беруі көңіл құптарлық.

Мемлекет басшысы Жолдауының орындалуына қатысты жүрегі елім деп соққан әр азаматқа зор сенім арта отырып, татулық пен тұрақтылықты негізге алып, айнаымас қағидамызға айналған асыл қасиеттерімізден айнымай, ортақ шаңырағымыз – Қазақстанды өркендетуге үлес қосуға шақырды және тиісті қолдау табатыны хак.

Бұл Жолдау мерейлі мекеніміз – Қазақстан мемлекетін биік белестерге жетелейді деп сенемін.

ОСК

Инватакси қызмет көрсетеді

Сайлау кезінде мүмкіндігі шектеулі жандарға инватакси қызмет көрсетеді



Досбол
АТАЖАН

Орталық сайлау комиссиясы жанынан құрылған жұмыс тобы сайлау кезінде мүмкіндігі шектеулі жандарға инватакси қызмет көрсететінін хабарлады.



Дауыс беру күнінде 253 учаскеге пандус, тағы 525 ғимараттың кіреберісіне тактильді белгі орнатылмақ. Учаскелердің 95,2 пайызында мүгедектерге арнап арнаулы бұрыш жабдықтау жоспарланып отыр. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы қазіргі таңда қазақстандықтардың жекелеген санаттарына онлайн дауыс беру мүмкіндігі қарастырылып жатқанын атап өтті.

«Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының ережесін және жұмыс тобының жаңа құрамын бекіттік. Жұмыс тобының құрамына 19 адам кірді, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалар бар. Біздің мақсат – мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еш кедергісіз сайлауға қатысуына жағдай жасау», – деді ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров.

20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

Сайлаушы болу орнын ауыстырған жағдайда 4 қарашадан 19 қарашаға дейін басқа сайлау учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін 4 қарашадан 19 қарашаға дейін алуға болады

Есептен шығару куәліктерін беру 19 қараша сағат 18:00-де тоқтатылады

Дауыс беру кезінде сайлаушы есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді

Учаскелік сайлау комиссиясы азаматты сайлаушылардың тізіміне қосады және дауыс беру бюллетенін береді

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



РУХАНИЯТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ ШЫМЫЛДЫҒЫН АШТЫ

Дәстүрлі шара қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналды

Ақтолық
ТҮРЛІҒАЗЫ

Мегаполисте Орта Азия елдерінің VIII Халықаралық театр фестивалі басталды. Іс-шара Орта Азия елдері мен түркітілдес мемлекеттердің мәдени ынтымақтастығын нығайтып, театр өнерінің көркемдік көкжиегін кеңейтуге бағытталған. Яғни өнер иелері үшін шығармашылық идеялар алмасуға таптырмас алаң. Осы фестивальге қатысуға 60-қа жуық қойылым ұсынылған. Алайда, байқау шарттарына сәйкес, оның ішінен 11 спектакль іріктелді.

«Фестивальде түрлі бағдарлама бар. Соның бірі SHOWCASE бағдарламасы деп аталады. Тек мемлекеттік театрлар ғана емес, жекеменшік театрлар да көңіл бөлінсін деген ниетпен әлемнің 10 елінен, Англиядан, Үндістаннан театр продюсерлерін шақырып отырмыз. Бүгіннен бастап Алматыдағы кәсіпқой театрлар да, жекеменшік театрлар да сахнада өнер көрсетеді. Қазіргі таңда түркі дүниесі деген әңгіменің өрбіп келе жатқанына қуанатын елміз. Көбісімен тіліміз бір, діліміз бір болғаннан кейін, өнер арасында тәжірибе алмасу болсын деген ниетпен ашылған. Бұл фестиваль өтіп жатса, оған осыныша елден қатысушылар келіп жатса, мұндай шаралар бізге керек деген сөз ғой», – дейді М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек.

Фестивальде отандық театрлардан бөлек, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан елдерінен келген ұжымдар да бақ сынайды. Ел атынан төрт бірдей спектакль қатысып отыр. Атап айтқанда, Мұхтар Әуезов театры «Қан мен тер» драмасын, Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры «Шағала» трагедиясын ұсынады. Ал Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры «Дон Кихот» трагикомедиясын, Ақмола облыстық драма театры «Көксерек» спектаклін қояды.

«Театр өнерінің негізі – халықты таңқалдыру. Осында ұсынылған қойылымдардың барлығы көрерменге ерекше әсер қалдырары сөзсіз. Мұндай халықаралық шараның өткізілуі – әртістерге шығармашылығын шыңдауға үлкен серпін береріне сенімдімін. Қазіргі уақытта халықаралық театр фестивалі өте ерекше деңгейде ұйымдастырылып жатыр. Бүгінде Қазақстан театр өнерінде өзіндік стилін қалыптастырып келе жатқан жайы бар. Осындай шаралардың көптеп өткендігі өнер адамдарын шыңдай түсері сөзсіз», – дейді Әзербайжаннан келген театр фестивалі қазылар алқасының мүшесі Ибрафил Ибрафиллов.

Сонымен қатар, фестиваль аясында «Қазақстан сценографтарының» көрмесі мен



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жекеменшік театрлардың көрсетілімі SHOWCASE ұсынылады. Көрмеге 20-ға жуық қоюшы-суретшілердің еңбектері қойылған. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі театр-

ларда жұмыс жасайтын мамандар қатысып отыр.

Фестиваль аясында түрлі бағдарлама да ұйымдастырылған. Нақтырақ айтсақ, жеке-

меншік театрларға көңіл бөлу мақсатында әлемнің он елінен келген продюсерлер Алматыдағы кәсіпқой театрлардың өнерін тамашаламақ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Есенгелді ТҰЯҚОВ,
суретші:

Біздің салаға сүйіспеншілік пен жауапкершілік қажет

Көрмеде театрларда қойылған спектакльдердің эскиздері, актерлердің образындағы киімдері қойылған. Сондай-ақ, қандай матадан тігілген, декорациялар қандай заттардан жасалғандығы туралы мағлұматтар жазылып тұр. Соңғы рет мұндай көрме 2011 жылы болған екен, одан кейін өтпеді. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінен келген сценографтардың еңбектері қойылып отыр. Бұлардың барлығы дерлік менің шәкірттерім. Өзім осы салада жүргеніме 50 жылдың жүзі болыпты. Бүгінде міне, зейнетке шықтым. Алайда, көмек керек кезде спектакльдерге қатысып отырамын. Сценография дегеніміз өте күрделі, әрі айлығы өте аз жұмыс. Бұл салаға сүйіспеншілік, жауапкершілік қажет. Себебі, сенің туындыларың мәңгілікке сақталады. Қаншама жылдар өтсе де, актерлар өзгерсе де. Арт жағындағы декорация ешқашан өзгермейді. Ол мәңгілікке сол қойылыммен бірге жасайды.

Айдана БИСЕМБАЕВА,
қоюшы-суретші:

Ұйымдастырушыларға ерекше ықыласымды білдіремін

Фестивальдің өтіп жатқанына қуаныштымын. Жастайымыздан театрда еңбек еттік. Көрмеге 3 жұмысымды ұсындым. «Папа» атты спектакль Тараз орыс драма театрында қойылған. Ғ.Мүсірепов театрында сахналанып жүрген «Құлагер», «Махаббат, қызық мол жылдар» және т.б. қойылымдарының эскиздерін әкеліп отырмын. Көрермен қауымға ұнап жатыр. Өздерінің ыстық ықыласын жеткізуде. Осы ретте ұйымдастырушыларға ерекше ықыласымды білдіремін.

Нұркен ӨТЕУІЛ,
Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының актері:

Алматыда өткеніне ризамын

Мен фестивальдің Алматыда өтіп жатқанына қызығып та, қызғанып та тұрмын. Халыққа керемет көңіл-күй сыйлап жатыр. Жан-жақтан өнер ордалары келді, бір-бірімен тәжірибе алмасып, театрдың бүгінгі бағытын талқылайды. Жан-жақтан сыншылар да келіп отыр. Бұл дегеніңіз үлкен оқиға!



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АСЫҚ ОЙНАҒАН АЗБАЙДЫ...

Әлем халықтарының өзіндік құндылықтары бар. Бразилия десе – карнавал, қытай, жапондарда семсерлесу, түрлі жекпе-жек өнері ойға оралады. Бұл сол ұлттың өзіндік айрықша белгісіне балаңады.

Қазақ өзінің дүниетанымын қоршаған ортамен байланыстырған. Әрі баласының сауатты, зерек, алғыр болуы үшін барлық жағдай жасаған. Біз көбіне түрт түлікке жақын болдық. «Ішсек – сусын, мінсек – көлік, жесек – ас» дейтін қағиданы ұстандық.

Жалпы, адамзат айналадағы жан-жануарлардан қол үзе алмайды. Тіршілігі төрт мезгілге тікелей қатысты, жер-су жағдайын жақсы білген бұрынғылар әр нәрсеге ыждағатты болған. Тіріліктен қолы қалт еткенде перзентіне ойын ретінде асықты ұсынған. Оны һәм түрлендіріп, бояп, түр-сипатын өзгерткен. Содан кейін түрлі атау берген.

Халқымыз асықты өте сауатты иірген. Тек жәй иірмей, әрбіріне атау берген.

Дәлірек:

- Алшы.
- Бүк.
- Шік.
- Тәйке.

Осындай жік-жікке бөлу арқылы ойынның түр-түрін ұйымдастырған. Сонымен қатар, мұның семантикалық құндылығына зер салған. Асық – төрт түлік мал

мен қоңыр аңдар тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінді болады. Асықпен «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер» сияқты неше түрлі асық ойындары ойналады. Ойында асықтың сыртқы пішіндері үлкен рөл атқарады.

- *Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.*
- *Тәйке (тауа) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.*
- *Бүге (бүк) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.*
- *Шіге (шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.*



ТАҒЫЛЫМ ҒАМ ТӘРБИЕ

Қазір алмағайып заман. Бәлкім, өтпелі кезең шығар. Онысын уақыт көрсетер. Осындай кезде өзіміздің ұлттық нақыштарымыз бен мұраларымызға ие болмасақ, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткелі тұр. Ондайға жол бермейік.



Ел арасында «асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық-май жеген озар» деген тәмсіл бар. Бұл қазіргі таңда сәл көмескіленген сияқты. Әрине, пікір алуандығы болары сөзсіз. Дейтұрғанмен, дәп бүгін бос жүретін уақыт аз. Баланы қараусыз қалдыруға болмайды. Олай етсеңіз, тәрбиенен қате жіберген болып саналасыз. Олай болатынының бір түйткілі, ол – ғаламтор. Сананы жаулаған интернет жас буынның ойын тез өзгертеді. Құнды санаған нәрсенің маңызын әп-сәтте жойып жіберуі де ғажап емес.

Асық ойнай білген баланың бойында келесідей қасиеттер дамиды. Біріншіден, ойыншық іздеп, сапасыз затқа ұрынбайсыз. Екіншіден, таза экологиялық ойын. Үшіншіден, дәлдеп тигізу, арақашықтықты өлшеу

сынды дүниелер зейінді жаттықтырады. Төртіншіден, иіліп-бүгілу, алға бір қадам созып, қолды туралау, бір сызықтың бойында тұрып тізіліп тұрған асықтарды қолдағы асықпен құлату нағыз дене кимылының ширақтығын көрсетеді. Мұны жасаған бала психикалық және физикалық тұрғыдан дамиды. Мұны біреу білсе, ендігі кісі елемей жүр. Ал нағыз ұлттық спорттың бастау көзі екендігін енді-енді ұғынып, қолға алып келеміз. Алайда, мұндай бәсендікпен жүру, заманауи компьютерлік ойындардың алдын орай алмай барады. Мүмкіндігінше осындай келеңсіздіктердің жолын бөгеу үшін жан-жақты жарнаманы ұлғайту қажет. Сонда оны естіп-көрген жас та, жасамыз та өз дүниелеріміздің қал-қадерін барынша ұғынар еді.

ТҮЙІН:

Көбіміз заманауи кейіпке енуге құштармыз. Сырттың қаңсығын таңсық көріп те жатамыз. Дегенмен, әр нәрсені сүзгіден өткізбей, тіке қабылдай берсек не болмақпыз?! Ол жағы да басы ашық тақырып күйінде қалуда.

XXI ғасыр – адамзаттың алтын ғасыры саналады. Мұнда технологиялық жаңалық басым. Күніне мың түрлі ақпарат тарайды. Қайсысы рас, жалғанын ажыратып болмаймыз. Десе де, осындай шақта еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін өзіміздің жақұт мұраларымызға ие болмасақ, жұтылуға жол ашамыз. Рухани жәдігерлерді көздің қарашығындай сақтау әрбірімізге тікелей байланысты.

Қазақ елінің көрер жарығы алда, асыл құндылықтары қолда болсын, ағайын!

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

● БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Асық ойнаған бала көрдіңіз бе?

Осы күні ұлттық құндылықтарға қайта оралып келе жатырмыз. Дегенмен, жүрісіміз баяулап қалды. Қарқынды үдету үшін өз жасуаларымызды ардақтағанымыз абзал. Сонда ғана толыққанды ойлаған істерімізді іске асырамыз.



Бүгінде ұлттық дүниені дамытуды көп айтамыз. Бұл жөнінде талас-тартыс та баршылық. Бірақ шешу жолдарына келгенде, ой таяздығын көрсетеміз. Осы кемшілікті жою уақыт күттірмейтін мәселе. Осыған орай, ашық дереккөздердегі ақпараттарға сүйеніп асық туралы деректер ұсынамыз.

Қазір кез келген жаннан сұрасаңыз, асық туралы бірнеше ғана мәлімет білуі ықтимал. Алайда, тереңірек барып, жіпке тізгендей мағлұмат айтуы екі талай. Дегенмен, қазақ халқының ұлттық ойынын біле жүрген артықтық етпес.

АСЫҚ ТҮРЛЕРІ:

Кеней, кентай – асық ойынында ұпайға тігілетін асық. «Кішкентай» сөзі «кіші» және «кентай» сөздерінен шыққан. Шүкейдің мүжілген түрі.

Сақа – асықтың ең үлкені, ірісі. Құлжа сақа – арқардың сақасы.

Ешкімер – ешкінің асығы.

Қойлақ, жабай – қойдың асығы.

Құлжаз – құлжаның асығы.

Топай, сомпай – бұзау, тайынша асығы.

Шүкейт – киіктің асығы.

Шүкей – қозы, ешкі асығы.

Пүш – тәйке түспесін деп, алшы жағы жонылған асық. «Пұшайман болу» деген сөз осыдан шыққан.

Осы күні қаладан да, даладан да асық ойнап жүрген балаларды көру мұң. Асық ойынын тек қана наурызда ойнайтындай стереотип қалыптастырып алғанбыз. Шынтұайтында, олай болмау керек болатын. Осы мәселені қалпына келтіретін, жаңа заманға сай шешімін табатын қадамдарға баруымыз керек. Әйтпесе, шетелдіктерге көрсетпестен, бұрын өзіміз танымайтын жағдайға жакындадық. Сондықтан да жоғарыдағы мәліметтерді арнайы мысал ретінде келтіріп өттік.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Ізгілік жолындағы игі құжат

Бір жарым мың адамға рақымшылық жасалады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айының басындағы Қазақстан халқына Жолдауында қаңтар оқиғаларының жекелеген қатысушыларына рақымшылық жасау туралы шешім қабылдағанын мәлімдеді. Тура 2 айдан кейін «Рақымшылық жасау туралы» Заңға қол қойды. Бұл Заңның әзірленуіне Парламент Мәжілісі депутаттарының тобы бастамашы болды. Оларға белгілі заңгер ғалымдар Марат Қоғамов пен Исидор Борчашвили, сондай-ақ адвокаттар көмектесті.

Осы орайда «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық филиалының төрағасы Бауыржан МАҚҰЛБАЕВ жаңа Заң туралы жан-жақты талқылап, айтып берген еді.

дай құқықтық шектеулер жоқ. Мысалы, құқық бұзушыға рақымшылық жасау болашақта оның балаларының мемлекеттік немесе әскери қызметке кіруіне кедергі болмайды.

– Келтірілген залал өтелмеген адамдарға рақымшылық жасауда шектеулер бар ма және оның мөлшері қандай?

– Жоқ, мұндай шектеу қарастырылмаған. Рақымшылық зиянның болуына және оның өтелуіне қарамастан қолданылады. Алайда, қылмыстық жауаптылықтан не рақымшылық бойынша жазадан босату рақымшылықты жәбірленушіге келтірілген залалды өтеу жөніндегі міндеттен босатпайды.

Тек қаңтар оқиғасына қатысушыларға арналған

– Неліктен Қылмыстық кодекстің басқа баптары бойынша рақымшылық жасалмады?

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бұл рақымшылық – қаңтар оқиғаларына қатысушыларға ғана қатысты бір реттік акт. Сондықтан «Рақымшылық туралы» Заң жобасына биыл қаңтардағы (2022 жылғы 4–7 қаңтар аралығында) жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты қылмыстық қудалау органдары тіркеген қылмыстық құқықбұзушылықтар енгізілді. Бұл ретте рақымшылыққа жатпайтындар: жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылар, билікті асыра пайдаланған және азаптаған адамдар, рецидивистер, зорлаушылар, террористер мен экстремистер. Яғни қылмыскерлердің ең қауіпті бөлігіне рақымшылық берілмейді.

– 2022 жылдың қаңтар айындағы барлық қылмыс рақымшылыққа ұшырай ма және осы кезеңде қылмыс жасаған адамның қаңтар айындағы оқиғалармен байланысты екенін қалай анықтауға болады?

– Биыл 4–7 қаңтар аралығында болған жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтар ғана рақымшылыққа жатады.

Әрбір қылмыстық құқықбұзушылықтың мән-жайы және оның қаңтарда болған тәртіпсіздіктермен байланысы сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы барысында белгіленеді. Яғни әр іс-әрекет үшін олардың барлық жағдайы мен шарты анықталып, құқықтық баға беріледі. Бұл ретте прокурор мен сот «Рақымшылық жасау туралы» Заңды қолдану кезінде заңдылықты қамтамасыз етеді.

– Рақымшылық жасалған адамдар ақталды деп санала ма және рақымшылық қалай жүзеге асырылады?

– Жоқ, рақымшылық адамды ақтамайды, ол тек жазадан босатуға немесе оның мерзімін қысқартуға бағытталған. Рақымшылық жасау бойынша қылмыстық істі тоқтату ақталмайтын негіздерге жатады.

Ауырлығы аз және орташа қылмыстар бойынша рақымшылық жасау бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату үшін қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның келісімі мен кінәсін мойындауы қажет. Егер адам рақымшылық жасау бойынша істі тоқтатуға қарсылық білдірсе, онда іс сотқа жіберілуге тиіс. Ол кейіннен рақымшылық жасай отырып, айыптау үкімін ақтай да, шығара да алады (бұл жағдайда келісім талап етілмейді).

Рақымшылыққа жататын және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан адамдар үшін қылмыстық қудалау органына рақымшылықты қолдануға келісім беру туралы тиісті өтініш жазу қажет болады.

Соттардың іс жүргізуіндегі істер бойынша арыз қылмыстық істі қарайтын сотқа беріледі. Егер адам сотталған болса, онда рақымшылық жасауға келісім талап етілмейді. Себебі, оның кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен дәлелденген. Оларға қатысты жазаны орындайтын орган сотқа рақымшылық жасау туралы ұсыныс жібереді. Сонымен қатар, егер сотталған адамның өзі жасаған әрекеті «Рақымшылық туралы» Заңның ережелеріне сәйкес келсе, ол рақымшылық жасау туралы сотқа тікелей өтініш жасауға құқылы.

Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Өмірде бар адамдарға ғана қолданылады

– Рақымшылықтың белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп айыпталған, қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқан қатысушыларға да қатысты бар ма?

– Рақымшылық жасау гуманизм актісі бола отырып, ол тек қылмыскерді жазадан босатуға немесе оның мерзімін қысқартуға бағытталған. Заң тәжірибесінде рақымшылық тек тірі адамдарға қатысты қолданылады. Өйткені, оған рақымшылық жасау актісін қолдануға рақымшылық жасау туралы келісім қажет. Қылмыстық құқықбұзушылық жасады деп айыпталған қайтыс болған адамға қатысты заңнамада адамның қайтыс болуына байланысты қылмыстық істі қысқарту көзделген. Бұл – заңды әрекет. Рақымшылық актісі негізінде қылмыстық қудалауды тоқтату сияқты ақталмайтын негіз болып есептеледі әрі рақымшылық сияқты құқықтық салдарға әкеп соғады. Яғни қылмыстық қудалау мен жазадан босатады. Осы ретте айыпталушының қайтыс болуына байланысты оның жақын туыстарының келісімінсіз істі қысқарту мүмкін емес. Келіспеген жағдайда іс сотқа жіберіледі. Оқиғаның мән-жайы белгіленіп, қайтыс болған адамның іс-әрекетіне құқықтық баға беріледі және ақтау немесе айыптауға қатысты тиісті үкім шығарылады.

– Рақымшылық жасау рақымшылық жасаушының жақын туыстары үшін қандай да бір теріс құқықтық салдарға әкеп соқпай ма?

– Қолданыстағы заңнамаға сәйкес рақымшылық жасаушының жақын туыстары оның әрекеттері үшін ешқандай құқықтық жауапкершілікке тартылмайды. Сондай-ақ, оларға қатысты қылмыстық құқықбұзушылық жасаған жақын адамға қатысты рақымшылық жасауға байланысты ешқан-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат ДИХАНБАЕВА, заңгер, «Құқықтық қорғау және заңды қызмет көрсету орталығы» Заң консультанттары палатасының мүшесі:



РАҚЫМШЫЛЫҚТЫ АҚТАЛУМЕН ШАТАСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

Қаңтар оқиғасына қатысқандардың кейбіреулері ұйымдастырушылардың арандатушылықтарына бой алдырды, «көпшілік әсерінің» әсерінен қылмыстық құқықбұзушылықтар жасады.

Мемлекет басшысының Жолдауда айтқаны тәртіпсіздіктерге қатысы бар және қылмыстарды алдын ала ойланбастан өздігінен жасаған адамдарды кешіру болды. Президент атап өткендей, көптеген заңбұзушылар өздерінің кінәсін мойындап, жасаған істеріне өкінеді. «Рақымшылық туралы» Заң сатқындық жасаушыға, билікті асыра пайдаланды деп айыпталған осы оқиғаларды ұйымдастырушыларға, сыбайлас жемқорлыққа, террористерге, экстремистерге, рецидивистерге және азаптауды қолданғандарға қолданылмайды. Ауырлығы аз және орташа қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар жасаған адамдар бойынша Заң соттылықты алып тастай отырып, жазадан толық босатуды көздейді. Ал ауыр және аса ауыр әрекеттер жасағандар үшін жаза мерзімін (мөлшерін) қысқарту ғана көзделеді, атап айтқанда ауыр әрекеттер үшін – 3/4, аса ауыр әрекеттер үшін – жартысы.

Рақымшылықты ақталумен шатастыруға болмайды. Рақымшылық тек жасалған қылмыс үшін жазадан босатуға немесе осы жазаны қысқартуға бағытталған. Сонымен қатар, рақымшылық келтірілген залалды өтеу міндетінен босатпайды. Сондықтан әлі сотталмағандарға рақымшылық олардың келісімімен ғана қолданылады. Бас тартқан жағдайда ол өзінің кінәсіздігін дәлелдеуді жалғастыра береді.



САЙЛАУ-2022

Алдағы уақытта республикамыздың тарихындағы жетінші жалпыхалықтық Президент сайлауы өтпекші. Жаңа құрылған мемлекетімізде Мемлекет басшысын жетінші рет халықтың таңдауы, әрине, көңіл қуантады. Алайда, елімізде басшысы дауыс беру арқылы сайлау тек соңғы 30 жылда қалыптасты деу қате болады. Қазақ даласында сайлау жүйесі ерте заманнан-ақ болған. Ендеше, хандық дәуірден кеңестік заманға, одан бүгінгі тәуелсіз елімізге дейінгі сайлау процестері қалай орын алғанын еске алайық.



Досбол
АТАЖАН

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСҚАН?



Хан сайлауы қалай өткен?


Бүгінде өзін демократия Отаны санайтын көптеген мемлекеттерде әділ сайлау жүйесінің қалыптасқанына небәрі 2-3 ғасыр өткен болар. Ал қазақ даласында ұлт көшбасшысын сайлау ғұрпы ерте хандық дәуірден болған. Нақты айтқанда, қазақ хандары феодалисттік империялардағы секілді мұрагерлік жолмен емес, Шыңғыс ұрпақтарына жататын төре тұқымынан тараған сұлтандардың бәсекеге түсуі арқылы сайланған. Мұндай сайлау жүйесі кең байтақ жерімізде Алтын Орда кезінде-ақ болған, ал Қазақ хандығы құрылған соң еліміздің құрылымындағы маңызды жүйеге айналады. XV ғасырдың басында неміс саяхатшысы И.Шильбергер Алтын Орда астанасы Орда-Сарайда қоныстанып, бұл елде хан сайлауы қалай өтетіні туралы жазған: «Сайлау жарияланғаннан кейін талапкерді ақ киізге отырғызып, үш рет жоғары көтереді. Сонан соң оны киіз үй төңірегінде алып жүріп, таққа отырғызады да, оның қолына алтын семсер ұстатады. Содан кейін ол әдеттегідей ант беруі қажет».

Қазақ хандығы тұсында хан сайлау жүйесі өзгеріп, жетіле түсті. Қазақ билеушісі өзінің тумысымен емес, болмысымен билікке жеткен. Яғни ханның ұлы ғана емес, халық алдында беделі бар барлық сұлтандар хан сайлауына қатыса алған. Жалпы, қазақ даласындағы сайлау процесі арнайы жасауылдардың барлық ру-тайпаларға хан сайлауы туралы хабар таратуынан басталған. Айтылған оқиғадан кейін ер-азаматтар бес қаруын сайлап, құрылтай жиналысқа барған. Мұндай жиында әр сұлтан халық алдына шығып, өзінің хан болуға қалай лайықты

екенін дәлелдеген. Нәтижесінде көпшілік қолдауын алған үміткер хан сайланған.

Ал хан сайлау рәсімі жұма күні өткен. Ақ киізге отырған ханды құрметті сұлтандардың, билердің, байлардың және батырлардың арасынан төрт адам шығып, үш рет жоғары көтерген. Осы сәттен бастап хан ресми түрде сайланды деп жарияланған. Бұл туралы орыс тарихшысы А.И.Левшин былай дейді: «Жаңа ханды сайлау үшін белгілі уақытта халық жиналатын және оған басшылық ететін кісіні бекітуге шешім қабылдайтын шағын топ үшін «жеке отырыс» жасайтын орын белгіленеді. Оған әртүрлі рулар мен олардың тармақтары атынан өкілдері ұсынылады. Осы себеппен шақырылған «құрылтайда» екі, үш және одан да көп күнге созылатын сөз таластары жүргізіледі. Сұлтандар мен ықпалды тұлғалардың басым бөлігінің билік басына отыруға келісімін алған талапкерді сайлаушылардың ішіндегі ең беделдісі оның сайланғаны туралы хабарлайды. Мұнан соң оны ақ киізге отырғызған сайлаушылар бірнеше рет көтерді де, киізді жерге түсірді. Мұнан кейін бұл материалды ұсақ бөліктерге жыртып, әрқайсысы ең болғанда бір қиындысын алып кетуге ұмтылды. Қазақтар бұл ғұрыпты «Ханталапай» деп атайды».

Ал Орынбор губернаторы И.Неплюев 1848 жылы ресми хабарламасында: «Бұл қырғыз-қайсақта қалыптасқан салт бойынша ежелгі хан-сұлтан әулетінің өкілдері мұрагерлік жолмен емес, халықтың сайлауы бойынша ғана хандыққа жете алады. Ел ағалары және халық қай сұлтанды қаласа, сол хан болып сайланады, ал ханның өкімі мен беделі оның хандық дәрежесіне емес, халықтың қамын жеген ой-парасаты мен өнімді іс-әрекетіне байланысты» деп жазған.



Яғни қазақ даласында демократиялық элементтердің бұрыннан болғанын шетел өкілдері ертеде-ақ мойындап қойған.

Кеңес дәуіріндегі дауыс беру

XVIII ғасырда қазақ халқы Ресейлік патшаның бодандығына өтуге мәжбүр болды. Мұндай саяси өзгеріс мемлекеттің құрылымы мен сайлау жүйесіне де әсер етпей қойған жоқ. Патша билігі хандық билікті жою үшін бірнеше реформалар енгізді. Осыған сәйкес хандық биліктің орнына округтық басқару жүйесі енгізілді. Яғни жаңа құрылым бойынша ауылдан болыс, болыстан округ, округтан облыс құралды. Мұндай жүйе бойынша тек болыс пен ауыл старшиндарын тағайындау үшін сайлау жүргізілетін болды. Ауыл старшиндары жергілікті халықтан, ал болыстыққа ауқатты әулеттен шыққан беделді адамдар сайланды. Сайлау үш жылда бір рет өткізіліп тұрды. Абай ағамыз бұл үш жылдық болыс сайлауын өзінің үшінші қара сөзінде былай сынап жазған: «Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп, елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен андысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді».

Ақпан мен Қазан төңкерістерінен кейін патша билігі құлап, қазақ даласында жаңа кеңестік билік орнайды. Дегенмен, ақтар мен қызылдардың айқасынан сайлау жүйесі тұрмақ, жалпы мемлекеттік құрылымның орнығуына біраз жыл қажет болады. 1920 жылы елдегі азамат соғысы аяқталған соң, 1918 жылы қабылданған РКФСР Консти-

туциясы көрсеткен сайлау жүйесі қолданыла бастады. Бұл заңнаманың 64-бабында 18 жасқа толған қыз-жігіттерге діни сенімі, ұлтына қарамастан сайлау құқығын жариялаған еді. Дегенмен, іс жүзінде бұл сайлау жүйесі белгіленген күйде орындала бермеді. Ал 1936 жылы КСРО жаңа Конституция қабылдап, онда мемлекеттің ең жоғары билігі – Жоғарғы Кеңес жалпыхалықтық, тең және жасырын дауыс беру арқылы сайланатын болды. Осылайша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сайлауы 1937 жылы өтеді. Бұл сайлау жүйесі Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағанға дейін жұмыс істеп тұрды.

Тәуелсіз Қазақстан таңдауы

1990 жылы Қазақ КСР Конституциясына өзгертулер енгізіліп, онда жаңа Президент лауазымы бекітілді. Президент жалпыхалықтың емес, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары дауыс беруімен сайланатын болды. Осы жылдың 24 сәуірінде алғашқы Президенттік сайлау өтті.

Дегенмен, бір жыл өткен соң елімізде Президент сайлауы тағы да өтті. Бұл жолы Мемлекет басшысы тек депутаттардың емес, жалпыхалықтың дауыс беруімен сайланды.

Республикамыздың сайлау жүйесі одан кейін 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған ҚР Конституциясымен нақты бекітілді. Ата Заңымызда Президент және Парламент сайлауы барша халықтың дауысымен сайланатыны белгіленді. Сөйтіп, елімізде жалпыхалықтық Президент сайлауы 1991, 1999, 2005, 2011, 2015 және 2019 жылдары – жалпы алғанда 6 рет өтті.



ТҮЙІН:

Қаншама тарихи кезеңдерден өтіп, қазіргі уақытта орныққан еліміздің сайлау жүйесі тиімді жұмыс істеп тұр. Бүгінде тек жоғары мемлекеттік лауазымдар ғана емес, ауыл әкімдері де халық даусымен сайлана бастады. Алдағы уақытта облыс және қала әкімдерін де дауыс беру арқылы сайлау жоспарланып отыр. Мұндай өзгерістер елімізге тек оң әсерін тигізеді деп сенеміз.



ФУТБОЛ

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ: Шынайы шиеленіс пе, әлде әдемі спектакль ме?

«Астана» немесе «Ақтөбе»

Турнир кестесінде 1-орындағы «Астана» мен 2-ші сатыдағы «Ақтөбенің» арасын бар болғаны бір ұпай бөліп тұр. Ал 3-орындағы «Тобыл» мен 4-орындағы «Қайраттың» арасы 2 ұпай. Алғашқы екеуі чемпиондыққа таласады, ал қостанайлықтар мен алматылықтар қоладан үміткер. Яғни соңғы тур аталған командалар үшін не бак, не сөр болайын деп тұр.

Маусым алдында мамандар басты фавориттер қатарына «Астана», «Қайрат» және былтырғы чемпион «Тобылды» қосқан. Алайда, қайраты кеткен «Қайрат» чемпионаттың белортасында-ақ ау бастағы максаттарынан бас тартты. 20-турда «Астанадан» жеңіліп, ізін ала «Ақсудан» онбай ұтылған «Тобыл» да соңына жетпей, чемпиондық тәжін шешті. Ал «Ақтөбеден» мұндай қарқынды ешкім күткен жоқ. Маусым ортасында турнир кестесінің 10-шы сатысында тұрған «ақтөбеліктер» бір уақыттары, тіпті көш бастап, асқақ амбицияларын көрсетті. Өткен турда «Ордабасыдан» опык жеменгенде қазір чемпиондықтан негізгі үміткер болып та тұрар еді. Бірақ қақпаларына белгіленген екі пенальти турнир кестесінде 2-орынға сырғытып жіберді.

Енді ертең «Ақтөбе» өз алаңында «Қайратты» қабылдайды. Алматылықтардың да әлі қоладан үміттері бар. Ол үшін өздері жеңіп, басты бәсекелесі «Тобылдың» сүрінгенін тілеу қажет. Өз кезегінде қостанайлықтар ертең Оралда «Ақжайықпен» кездеседі. «Ақжайықтың» да «бір айтары» бар. Турнир кестесінде 14 команданың ішінде 13-орында тұрған оралдықтар соңғы турда жеңілер болса, онда жоғарғы дивизионмен қоштасады. Сондықтан олар да жеңісті қолдан бермейді.

Ал «Қайратты» қабылдайтын «Ақтөбені» жеңістен басқа ешқандай нәтиже қанағаттандырмайды. Онда да өздері ғана жеңіп қоймай, «Астананың» сүрінуін күтеді. Айтпақшы, түзде «Шахтермен» кездесетін «Астана» қарағандылықтардан соңғы 6 ойында жеңілмеген екен. Рас, биыл маусымның алғашқы турындағы өзара кездесулері голсыз аяқталып, артынша бас бапкердің кінәсінен техникалық жеңіліс алған. Әйтпесе, алаңда ұтылмаған. Ертеңгі матчта да «Астана» фаворит болып тұр.

Ертең футболдан ел чемпионатының соңғы туры өтіп, кезекті ел чемпионы анықталады. Сонымен қатар, турнир кестесінің соңғы сатыларында да тартыс күшті. Шыны керек, Қазақстан чемпионатынан мұндай интриганы көрмегелі көп болды. Чемпион да, Бірінші лигаға ұшатын командалар да соңғы турда анықталмақ. Сонда бұл не? Шынайы шиеленіс пе, әлде әдемі ұйымдастырылған спектакль ме?



ТУРНИРЛІК КЕСТЕ

Орын	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең ойын	Ұтылыс	Голдар	Ұпай
1	Астана	25	15	5	5	62-22	50
2	Ақтөбе	25	15	4	5	39-27	49
3	Тобыл	25	13	5	7	43-32	44
4	Қайрат	25	12	6	7	33-32	42
5	Ордабасы	25	11	4	10	36-39	37
6	Ақсу	25	10	3	12	30-36	33
7	Шахтер	25	9	5	11	32-32	32
8	Каспий	25	9	4	12	25-38	31
9	Мақтаарал	25	8	6	11	28-38	30
10	Атырау	25	7	8	10	29-37	29
11	Тараз	25	6	10	9	25-26	28
12	Қызыл-Жар СК	25	6	9	10	29-31	27
13	Ақжайық	25	5	7	12	18-28	25
14	Тұран	25	5	10	10	22-33	25

Ешкімнің «ұшқысы» келмейді

Турнир кестесінің соңғы сатыларында да талас күшті. Ешқайсысы төменгі дивизионға ұшып кеткісі келмейді. Айта кетейік, регламент бойынша, соңғы екі орынды алған командалар келесі маусымда Бірінші лигада доп тебуге мәжбүр болады.

«Таразда» – 28 ұпай, «Қызыл-Жарда» – 27, «Ақжайық» пен «Тұранда» – 25 ұпайдан. Ертең «Тараз» өз алаңында «Тұранды» қабылдайды. Жоғарғы дивизиондағы орнын сақтап қалу үшін алаң иелеріне тең нәтиже де жеткілікті. Тіпті, жеңіліп қалғанның өзінде Бірінші лигаға ұшпауы мүмкін. Тек 10 доп айырмашылығымен жеңілмесе болғаны. Сол сияқты, «Қызыл-Жарға» да соңғы турда тең нәтиже жетеді. Дегенмен, «Каспийге» қарсы ойында Әли Әлиев шәкірттері алаңға тек жеңіс үшін шығары анық. Маусымды өз алаңында қорытындылайтын «Қызыл-Жар», қанша дегенмен, жанкүйерлерін жеңіспен қуантысы келетіні түсінікті. «Ақжайық» ше? Оралдықтарға оңай болмайын деп тұр. Олар соңғы турды өз алаңында өткізгенімен, жоғарыда айтқанымыздай, қарсыласы – «Тобыл». Былтырғы чемпиондар биыл тым болмаса, қола медальға қол жеткізгісі келеді.

Ал Бірінші лигадан Көкшетаудың «Окжетпесі» мен Қызылорданың «Қайсары» оралады.

Қазақта «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресін» деген мәтел бар. Ертең ел футболында «түйе сойылғалы» тұр. Түйе болғанда да, атан түйе. Чемпионы да, ұшатыны да демдерін ішке тартып, бармақтарын бүге түсуде. Демек, алаңнан да, алаң жиегінен де адам айтқысыз тартыстарды көріп қалуымыз әбден мүмкін.

24-ТУР

6 қараша (жексенбі)

«Қызыл-Жар СК» (Петропавл) – «Каспий» (Ақтау).

«Ақжайық» (Орал) – «Тобыл» (Қостанай).

«Тараз» – «Тұран» (Түркістан).

«Ақтөбе» – «Қайрат» (Алматы).

«Шахтер» (Қарағанды) – «Астана».

«Мақтаарал» (Түркістан) – «Ордабасы» (Шымкент).

«Ақсу» (Павлодар) – «Атырау».

ФУТЗАЛ

Чемпиондар лигасы Алматыда өтеді

Футзалдан Чемпиондар лигасы элиталық кезеңінің «С» тобындағы ойындары Алматыда өтеді. Бұл туралы кеше Швейцарияда өткен жеребе тарту рәсімінде белгілі болды.



Естеріңізге сала кетейік, Чемпиондар лигасының элиталық кезең өз жерінде қабылдауға алты қала өтініш білдірген. УЕФА басшылығы ұйымдастыруға лайық деп таныған төрт қаланың қатарына Алматыны да қосты. Енді элиталық кезеңнің ойындары қарашаның 22-сі мен 27-сі аралығында Балун Шолак спорт сарайында өтеді.

Жалпы, Алматы футболдан УЕФА Чемпиондар лигасының элиталық кезеңін бұған дейін 2016 және 2019 жылдары қабылдаған. Бұдан бөлек, 2011, 2017 және 2019 жылдары Төртеудің финалын өткізген.

Ал элиталық кезеңде «Қайратқа» Чехия-

ның «Хрудим», Мальтаның «Люксол» және «Португалияның «Бенфика» командалары қарсылас болады. Осылардың ішінде ешқашан мальталықтармен кездеспепті. «Бенфиканы» өткен жылы 6:2 есебімен жеңсе, «Хрудиммен» 2018 жылы элиталық кезеңде кездесіп, 4:2 есебімен басым түскен.

Элиталық кезеңде барлығы 16 команда төрт топқа бөлінген. Әр топтың үздіктері 2023 жылдың 4–7 мамырында өтетін Төртеудің финалына жолдама алады.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

Қарашаның 12-13 күндері Мысырдың Александрия қаласында грек-рим күресінен Олимпиада чемпионы Ибраһим Мұстафаны еске алуға арналған халықаралық турнир өтеді. 33-ші рет ұйымдастырылатын байрақты бәсекеге Қазақстан балуандары бірінші рет қатыспақ.



Балуандарымыз Мысырда күреседі

Бәсекеге Қазақстаннан тек грек-рим күресінің шеберлері аттанады. Олардың арасында тәжірибелі балуандар және бірқатар жас спортшылар да бар.

Қазақстан құрамасы: Марлан Мұқашев (55 келі), Ернұр Фидахметов, Ернар Фидахметов (60 келі), Ғалым Қабдунасаров (63 келі), Дастан Зарлыханов, Мұхамедәлі Мамырбек (63 келі), Дінмұхамед Қошқар, Сұлтан Әсетұлы, Данияр Қаленов (бәрі де – 67 келі), Ерасыл Нұрбосынов (72

келі), Демей Жадыраев, Азат Садықов, Ибрагим Магомедов (бәрі де – 77 келі), Жантас Нұрғали мен Бақдәулет Азамат (87 келі), Юсуф Мациев (97 келі), Антон Савенко мен Мансұр Шадукаев (130 келі). Бас бапкер – Серік Жұмашев.

Аға бапкер – Григорий Камышенко.

Айта кетейік, былтыр бұл турнир Шарм-эль-Шейх қаласында 13 елдің қатысуымен өткен.

Бетті дайындаған
Әзиз ЖҰМАДИЛ.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесіте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

2022 жылғы 10 қараша, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 20 мекенжайдағы «№147 Гимназия» КММ-да Алмалы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі. Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері және Мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Радость детства» балабақшасына:
• әдіскер керек.
8 777 238 00 44.

«Medisa» эстетикалық стоматология орталығына:
• клиника әкімшісі керек.
8 707 744 66 55.

«Дәуір» республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ға:
• түптеуші;
• бухгалтер;
• сантехник керек.
8 (727) 39-39-29.

Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына:
• әлеуметтік қызметкер қажет.
8 (727) 378-30-70.

№26 қалалық емханаға:
• педиатр-дәрігер керек.
8 (727) 297-00-23.

«Жарқын болашақ» оқу орталығына:
• аспаз қажет.
8 701 510 01 09.

№15 қалалық емханаға:
• эпидемиолог;
• инфекционист;
• жалпы практика медбикесі/медбрат
• көз дәрігері;
• гериатр-дәрігер керек.
8 (727) 256-23-67.

«Әлмерек» ЖШС-ға:
• қойма меңгерушісі қажет.
8 (727) 228-15-03.

№22 қалалық емханаға:
• тіс дәрігері қажет.
8 (727) 380-87-40.

№196 жалпы білім беретін мектепке:
• логопед-дефектолог керек.
8 708 972 83 43.

Алматы облыстық сервис және тамақтану саласындағы инновациялық технологиялар колледжіне:
• кітапханашы қажет.
8 701 971 00 60.

№68 мектеп-гимназияға:
• балалар психологі керек.
8 (727) 265-79-65.

«Тәртіп» ЖШС-ға:
• арнайы техника жүргізушісі;
• жүкшілер;
• автослесарлар;
• газ және электрмен дәнекерлеуші;
• автоэлектриктер;
• ұсталар керек.
8 701 397 12 48.

«BBD TRADE» ЖШС-ға:
• сироп өндірісіне операторлар;
• түрлі жұмыстарға жұмысшылар керек.
8 701 484 67 72.

ЖҰМЫС ТАБУЫҢЫЗҒА ТІЛЕКШІМІЗ.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

МОНЕТА



Жаңа монета айналымға шықты



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазақстан Ұлттық банкі «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясынан MÄNSHÜK MÄMETOVA. 100 JYЛ коллекциялық монеталарын айналымға шығарады.

Монеталардың сатылымға түсетін күніне қатысты ақпарат ҚҰБ-тың ресми сайтында қосымша жарияланады, деп атап өтті Ұлттық банктің баспасөз қызметі.

Монета Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың 100 жылдығына орай шығарылды.

Монета бет жағының (аверсін) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Елтаңбасы, оның сол жағы мен оң жағында ұлттық ою-өрнек элементтері бейнеленген. Айналыра QAZAQSTAN UL'TYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN деп жазылған. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін 100 TENGE жазуы бар.

Монетаның сырт жағының

(реверсін) орталық бөлігінде Мәншүктің мүсіндік портреті, оның сол жағында – КСРО Батырының алтын жұлдызы, сондай-ақ туған жылы мен мерейтойлық күнді білдіретін «1922» және «2022» деген жазулар бар. Оң жағында Мәншүк Мәметова ерлік жасап, қаза болған «НЕВЕЛЬ» қаласының картасы мен жазуының стильдендірілген бейнесі берілген. Монетаның жоғарғы бөлігінде «Кеңес Одағының Батыры» деген жоғары мемлекеттік наградасына ұсыну анықтамасының айшықты мәтіні басылған.

Номиналы 100 теңгелік MÄNSHÜK MÄMETOVA. 100 JYЛ коллекциялық монеталары brilliant uncirculated сапасында мельхиор қоспасынан тұрады, массасы – 15 грамм, таралымы – 15 000 дана.

Коллекциялық монеталар белгіленген құны бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық төлем түрі бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде аудару, ұсақтау және айырбастау үшін қабылдануға міндетті.

Коллекциялық монеталар Қазақстанның теңге сарайында жасалған.

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотына Тарасова Елена Даниловичаны қайтыс болды деп тану туралы өтініш түсті. Өтініш беруші Дмитрий Данилович Таранов, мекенжайы «Алмагүл» ықшамауданы, 33-үй, 10-пәтер. Таранова Елена Даниловна 02.12.1966 жылы туған, туған жері Алматы қаласы, соңғы уақытта жұмыс істемеген.

02.12.1966 жылы туған Елена Даниловна Таранованың тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар адамдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде мына мекенжай бойынша сотқа хабарласын: Алматы қаласы, «Орбита-2» ш.а., 22 «а» үйі.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСҚАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҮЙІРМЕ

Балалар
жылы
2022ТЕГІН ҮЙІРМЕЛЕР
ТІЗІМІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Алматы қаласының әкімдігі Спорт басқармасының балаларға арналған мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының тізімін жариялады.

Тізімде 15 мектеп және көптеген спорт үйірмелері бар. Арасынан ат спорты, жеңіл атлетика, ауыр атлетика, бокс, күрес түрлері сынды жазғы спорт пен фристайл, шаңғы, конькимен жүгіру сынды қысқы спорт түрлерін де табуға болады. Сонымен қатар, спорт мектептерінде аталмыш үйірмелерге жауапты тұлғалардың

байланыс нөмірлері де көрсетілген. Яғни қоңырау шалып, қызықтырған сұрақтарыңызға жауап ала аласыз.

Қай мектептің қай мекенжайда орналасқанын мемлекеттік органдардың бірінші интернет-ресурсындағы Алматы қаласы спорт басқармасының сайтына кіріп білуге болады.

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!



КӨЗ ТИМЕСІН

№4 перзентханада жыл басынан бері салмағы 4 келіден асатын 621 сәби дүниеге келген

№4 перзентханада 38 жастағы әйел салмағы 5 кг 100 грамм болатын нәрестесін дүниеге әкелді.

Әдетте денелі сәбиді дәрігерлер кесарь тілігі арқылы босандырады. Бұл жағдайда да сондай жоспар болған, яғни дәрігерлер (Айнұр Иманқұлова, Екатерина Самарцева, Индира Кемалова) толық құрамда дайын болған. Бірақ кенеттен толғақ басталып кеткен. Ультразвук-зерттеу кезінде іштегі нәрестенің салмағы 4600-4800 болады деп болжанған екен. Міне, бөбек одан да салмақты, 5 кг болып туы. Сөйтіп, Наталья таңғы сағат 05.30-да аман-есен босанып, қол-аяғын бауырына алған.

Ол салмақты қызына Дарья деген есім берген. Жаңа туған шарана – отбасындағы төртінші бала. Айтпақшы, Натальяның тұңғышы да осыдан 11 жыл бұрын ірі салмақпен, яғни 4 кг 100 гр болып туған екен. Ал үшінші

баласын дәл осы №4 перзентханада босаныпты.

Нәрестелердің осылайша ірі болып туылуы бүгінгі күні таңсық емес дейді дәрігерлер. Мәселен, №4 перзентханада жыл басынан бері салмағы 4 келіден асатын 621 сәби дүниеге келген. Ал салмағы 5 келіден асатын 10 бала туған.

Жалпы, құрсақтағы шарананың ірі болуын дәрігер-мамандар былайша түсіндіреді: жүкті әйел кант диабетімен ауырған жағдайда; гемолитикалық ауру, яғни бала мен оның анасы арасындағы резус қайшылығынан; тұқым қуалаушылықтан; жүкті әйел көмірсутекті тағамды шамадан тыс тұтынған жағдайда да болуы мүмкін.

Нұр ЖАМАЛ.

БАЙТҰРСЫНОВ – 150

«ОТАНҒА АДАЛ ҚЫЗМЕТ
ЕТУДІҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ»

Түркияда Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған ғылыми конференция өтті

Таяуда ТҮРКСОЙ аясында Ыстамбұл қаласында (Түркия) Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы және түркі өркениеті» атты ғылыми конференция өтті.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Конференцияны ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов жүргізіп отырды. Сөз басында ол «Ахмет Байтұрсынұлы – түркі халықтарына ортақ ұлы тұлға. Оның ілімі халықаралық ғылыми кеңістікте, әсіресе, түркі әлеміндегі гуманитарлық ғылымдарда реформаторлық идеяларымен ерекшеленеді», – деп атап өтті.

Конференцияға Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Бағдат Әміреєв, ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев, Халықаралық Түркі академиясы президентінің міндетін атқарушы Мажидли Физули, Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Еркебұлан Сәпиев, Қазақстан Республикасының Ыс-



тамбұлдағы Бас консулы Әлім Байел, сондай-ақ ахметтанушы ғалымдар қатысып, баяндама жасады.

Алаштанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай өз баяндамасында «Ұлттық тәуелсіз сана туралы идеяның тұғырын Әлихан Бөкейхан саяси тұрғыдан қалыптастырса, Ахмет Байтұрсынұлы соның идеялық негізін тікелей орнықтырды деп есептеймін» десе, филология ғылымының докторы, профессор Айгүл Исмакова «Ахмет Байтұрсынұлы – отарлауға қарсы тұрған Ұлт ұстазы» атты баяндамасында: «Жазған сөз жаным ашып Алашым!» деп өзінің өмірлік ұстанымын айқындап ал-

ған Ахмет Байтұрсынұлы Отанға адал қызмет етудің үлгісін көрсетіп кеткен бірегей ғалым», – деп атап өтті.

Конференция аясында Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін танытуға арналған кітап көрмесі, Ұлт ұстазының өмірі мен қызметіне арналған фотокөрме ұйымдастырылып, «Қазақ өркениеті және Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

Сондай-ақ, «Ахмет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде) кітабының және Халықаралық Түркі академиясы тарапынан ұсынылған Райхан Иманбеттің «Ғасыр саңлағы» кітабының тұсаукесері өтті.

КИНОКЕҢІСТІК

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ
КҮНДЕРІ ӨТТІ

Франциядағы IV Қазақстан киносы фестивалінің аясында өткен Қазақстан киносының күндері аяқталды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Биылғы 27–30 қазан аралығында Париж көрермендерінің назарына біздің бірқатар кинокартина ұсынылды. Олардың қатарында «Паралимпиадашы», «Ұлы дала таңы», «Соңғы сеанс», «От», «Зояның оралуы», «Қызғалдақ» және бірлесіп шығарылған «Тарлан» мен «Инфинити» фильмдері бар.

Мұндай іс-шараларды өткізудегі мақсаттардың бірі – отандық фильмдерді тек фестивальдерде ғана емес, сонымен қатар кинотеатрларда да көрсету. Шетелдік көрерменнің қазақстандық киноға кинотеатрдан көруге болатын прокаттық фильм ретінде қызығушылық танытуы маңызды. Ал бұл өнімді экспорттауды білдіреді. Бұл жерде біз тек табыс туралы ғана емес, идеология, біздің өмір салтымыз туралы айтып отырмыз. Сондықтан ҰКҚМО делегациясының іскерлік бағдарламасы бірқатар кездесулерді қамтыды. Олардың ішіндегі ең



маңыздысы Францияның Ұлттық кинематография және анимация орталығының (CNC) кеңсесінде өтті. Халықаралық копродукция жөніндегі кеңесші Жюльен Эзаномен өткізген келіссөздеріміз екі елдің фильмдерін бірлесіп шығару, ілгерілету, сондай-ақ ҰКҚМО және CNC сарапшылары арасында тәжірибе алмасу мәселелеріне арналды, – дейді ҰКҚМО басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Шөкенов.

Фестивальде «Қазақстандық кинематография дамуына қосқан үлесі үшін» жүлдені режиссер Сергей Дворцовой алды. Ал Дәрежан Өмірбаев «Қазақстан мен Франция арасындағы бірлес-

кен киноөндіріс саласындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін» сыйлығымен марапатталды. Фестиваль елшісі актриса Самал Еслямова «Қазақ киносын насихаттауға қосқан үлесі үшін» наградасымен марапатталса, режиссерлар Айжан Қасымбек («От»), Юлия Захарова («Тарлан») және Алдияр Байракимов («Паралимпиадашы») сәтті дебюті үшін жүлделерге ие болды.

Айта кету керек, биыл Қазақстан киносының фестивалі шекарасын кеңейтті, яғни енді Страсбургте, Брюссельде, Люксембургте және Женевада өткізілетін болады.